


Gymnasium news



ГАЗЕТ ЕКІ АЙДА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ

92(8) ҚАҢТАР-АҚПАН



АЛАШ АРДАҚТЫСЫ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесіне орай Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында Қарағанды қаласының «№92 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Сәкен Сейфуллин атындағы «АЛАШ АРДАҚТЫСЫ» музей—залының ашылу салтанаты өтті.

Музей-залдың ашылу мақсаты: С.Сейфуллинның өмір жолымен таныстыра отырып, тұлғаның тарихи-мәдени мұрасын, рухани құндылығын насихаттау. Жас буын ұрпақтарына патриоттық сезім ұялату және адамгершілік рухында тәрбиелеу. Музей—зал негізгі 5 экспозициядан тұрады: «Балалық шағы. Білім жолында», «Асыл ұлы, жасын үні халықтың, Сәкен аға, төріндесіз тарихтың», «Сәкен—сұңқар, мәңгі өшпес асыл мұрасы», «Сазы мен сыры, сәні, Сарыарқаның сымбаты болған Сәкен», «Көргендердің көзімен, Сәкеннің салған ізімен». Сонымен бірге әдебиеттің ақсұңқары Сәкен шығармаларын терең оқып, зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағатталған «Сәкентану» кабинеті ұйымдастырылды. Кабинет «Сәкен - қазақ әдебиетінің ақсұңқары», «Сәкеннің әдеби әлемі», «Сәкен жасай береді» бағыттарымен жұмысын жалғастыратын болады. Сонымен қоса ҚР Үкіметінің қаулысымен (21.12.2020 ж №857) Кеншілер мекенінің қақ ортасында орналасқан, жүрегі қазақ деп соққан, білім мен шығармашылық бәсекесі қайнаған білім ордасы №92 гимназиямызға жерлесіміз, ақиық ақын, қоғам және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин есімі берілді! Гимназиямыздың атауы «С.Сейфуллин атындағы №92 гимназия» болып өзгертілді.

Бұл—ақиық ақынымыздың аруағы риза болып, рухы жай табу үшін ғана жасалған істердің жемісі емес, мақтаныш сезімі ұялаған жүректердің тілегі. Ортақ қуаныш құтты болсын!

Гимназия әкімшілігі

БҮЛ ШЫҒАРЫЛЫМДА:

1-БЕТ

«Алаш ардақтысы»

С.Сейфуллинға арналған музей-залдың ашылуы

2-БЕТ

Балалар шығармашылығы
«Бір отбасы— бір отбасы» жобасы

1- сынып оқушыларының қылқалам туындылары




3-БЕТ

«Қош келдің, Жаңа жыл!» қызықты деректер


Жаңа әліпби жобасымен танысайық!

4-БЕТ

Жалынды жастар болашаққа жол бастар!



ЖАРАЙСЫЗДАР!

1- сынып
оқушыларының
қылқалам туындылары

БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

ТУҒАН ЖЕР

Туған жер... Туған ел.... Осы екі ғана сөзде қаншама мағына, қаншама ой жатыр десеңізші?! Туған жердің қадірін әр адам әрқалай түсінетін шығар. Ал мен үшін Туған жер қадірі дүниедегі ең ұлы деген нәрсемен пара-пар. Себебі, ол—менің әлпештеген анам, туған-туысым, аға—әпкелерім, дүниеге келген жер. Менің Туған жерім, Отаным—Сыр елі Қызылорда қаласы. Мен Қызылорда қаласында тудым. Менің қызыққа толы балалық шағым өткен, балабақшаға алғаш барған туған жерімді ешқашан ұмытпаймын. Мен жыл сайын жазғы демалысымда туған жерім Қызылордаға барамын. Туған жерімнің топырағына аунап, суына шомылып, жазғы демалысымды қызықты өткізіп қайтамын. Менің ол жақта достарым бар. Жыл сайын туған жеріме сағынышпен ораламын.

4 «А» сынып оқушысы
Қуанышұлы Абдулла

ТУҒАН ЖЕР

Менің туған жерім - Қазақстан. Қазақстан - кең-байтақ жер. Қазақстанда көптеген ұлттар тұрады. Олар тату-тәтті өмір сүреді. Біздің Қазақстанның жері көмірге, мұнайға, мысқа, алтынға, жезге бай. Қазақстанда үлкен-үлкен ормандар бар. Орманда көптеген жануарлар, аңдар өмір сүреді. Қазақстанның өзендері мен көлдері балыққа бай. Менің туған жерім жасасын!

4»А» сынып оқушысы
Исаев Рамазан

ДЕНСАУЛЫҚ—ЗОР БАЙЛЫҚ

Денсаулық-бізге берілген ең қымбат сый болып табылады. Сол сыйға құрметпен қарауымыз керек. Ол үшін күнделікті күн режимін, жеке бас гигиенасын және тазалық сақтап жүруіміз қажет. Әрбір адамның денсаулығы өз қолында. Уақытында дәрігерге барып, әртүрлі жаман әдеттерден аулақ болған дұрыс. Таза ауада жүрген де өте пайдалы. Жыл мезгіліне байланысты керекті дәрумендерді қолданып, өзімізге қарап жүрсек, денсаулығымыз да мықты болады, себебі өз денсаулығың - өзіңнің қолыңда. Баға жетпес асыл байлығымызды бағалай білейік!

Турсун Медина



ҚУТТЫҚТАЙМЫЗ!



БОЛАТОВ ИСЛАМ

«Бір отбасы - бір кітап» облыстық акциясының
бас жүлдесін қанжығамызға байладық!

«Бір отбасы - бір кітап» облыстық акциясы мәресіне жетті. Облыстық кезеңге Қарағанды қаласынан 8 мектеп қатысып, қорытындысы бойынша гимназияның 3-сынып оқушысы Болатов Ислам ата-анасымен бірге түсірген бейнематериалы 2-4 сыныптар арасында үздік деп танылып, **Бас жүлдені** ұтып алды. Жобаның басты мақсаты-жанұямен кітап оқу дәстүрін қайта жаңғырту, кітап оқуды отбасылық құндылыққа айналдыру, отбасындағы балалардың жан-дүниесінде рухани ізгілікті қалыптастыру, кітап оқуға деген қызығушылықты ояту. Ислам ата-анасымен, сынып жетекшісі Сая Жайсановна Темирғалиевамен бірігіп, қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, ойшыл, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, фило-соф, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жылдығына орай ұлы ақынның табиғат лирикасын оқып, талқылап, бейнематериал түсіріп, көрермендерге паш етті. Исламның ата-анасы мен сынып жетекшісіне жүрегімізде мақтаныш сезім ұялатқаны үшін алғысымыз шексіз! **Талмаңыздар, шарықтай беріңіздер!**



ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

Жаңа жыл қашан пайда болды?

Ғалымдардың айтуынша, Жаңа жылды тойлау шамамен біздің дәуірімізге дейін 3000 жылы алғаш рет Месопотамияда басталған. Көне замандағы адамдар Мадрук құдай зұлымдық пен өлімді жеңді деп санаған. Сол себепті Месопотамия халқы жақсылықтың жамандықты жойғанына қуанып, бірнеше ай бойы тойлайды. Әртүрлі карнавалдар, маскарадтар мен шерулер өткізеді. Мейрам кезінде жұмыс істеуге, жазалауға және сот шешімін шығаруға тыйым салынған. Уақыт өте келе бұл дәстүрді мысырлықтар мен гректер жалғастырып, содан соң римдіктер мен өзге халықтарға тарай бастайды. Ежелгі Грекияда Жаңа жыл жазғы күн тоқырауы – 22 маусымда тойланып, шарап құдайы – Диониске арналған. Гректердің жыл санауы Олимпиада ойындарынан басталады.

ЕСКІ ЖЫЛ

САҒАН РАҚМЕТ!

Күй тартсақ, әнді есілте,
Пейілді көрме тарылта.

Ескі жыл, бізді есірке,
Жаңа жыл, бізді жарылқа.

Байлыққа толы жерімнің
Тасқындай берсін дәулеті.

Салтанат құрған елімнің
Аспандай берсін сәулеті.

Жақсылық күтші тек бізден,
Жандармен ізгі жақын ет.

Бүгінге аман жеткізген,
Ескі жыл, саған рақмет!

Жаңа жылдың кейіпкерлері

Жаңа жылдың басты кейіпкері – Аяз Ата жұрт ойлағандай кәрі емес. Шамамен 150 жыл бұрын Жаңа жыл символына айналыпты. Бастапқыда Аяз ата жалғыз жаңажылдық кейіпкер еді. 1873 жылы Александр Островский "Қаршақыз" пьесасын жазады. Сөйтіп, аппақ қардай сұлу қыз әуелі Аяз атаның туған қызы, кейінірек немересі болады. Неге бұлай өзгергенін түсіндіру қиын. Тағы бір жаңажылдық кейіпкер – Аққала – XIX ғасырда пайда болды. Сол замандағы аққала қазіргіден айнымайды: қардан жасалған үш шарды бірінің үстіне бірін қойып, басына шелек кигізеді, мұрнының орнына сәбіз қойып, қолына сыпыртқы ұстатқан.

Есенгелді Инаят
4 "а" сынып

Тұрсын Медина
4 "а" сынып

Орынбай Алижан
2 "б" сынып

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Тарихшылардың пікірінше, безендірілген алғашқы шыршалар 1605 жылы заманауи Францияның Эльзас жерінде пайда болған. Мұнан кейін біртіндеп бүкіл Еуропа тұрғындары шыршаларды безендіре бастаған. Десе де, безендірілген шыршалар тек бай дворяндар мен көпестердің үйінде ғана болған дейді. Тек XIX ғасырда рождестволық шырша барлық үйлерге көрік бере бастаған екен. Ортағасырлық Германияда шыршалар ғана емес, қарағай мен шиі ағашының бұтақтары да түрлі ойыншықтармен безендірілген. Шыныдан жасалған алғашқы шырша шары Тюрингияда (Саксонияда) жасалыпты. Шеберлер шыныдан қоңырау, жүрекше, құстар мен аңдар, шар, жаңғақ тәрізді түрлі пішіндер жасап, артынша оны ашық түсті бояулармен бояған.

Жаңа әліпби жобасымен танысайық!

Paıda oilama, ar oila,
Talap qyl artyq bilýge.
Artyq gylım kítapta,
Erinbei oqyp kórýge.
Abai

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша латын графикасы негізіндегі жетілдірілген әліпби нұсқасын түсіндіру жұмыстары республика бойынша жүргізіліп жатыр. Жетілдірілген әліпбиде 31 әріп бар, оның 3-уі умлаут, 1-уі бревис, 1-уі макрон, 1-уі седиль диакритикалық таңбасы арқылы берілген. Әрбір диакритикалық белгі тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне қарай дауысты мен дауыссыз дыбыс таңбасына бөлек, өзара ажырап қолданылған, яғни әр диакритиканың өз қызметі бар. Мәселен,

Ә, Ө, Ү жіңішке дауысты дыбыс таңбасына – умлаут,
жуан дауысты Ұ дыбысына – макрон,
ұяң Ғ дауыссызына – бревис,
ызың Ш дауыссызына – седиль алынды.

Бұл оқылым үдерісін жеңілдетеді, тіліміздің дыбыс қорының әліпбиде айқын көрінуін қамтамасыз етеді, сондықтан ғалымдар шартты түрде бұл әліпбиді тіліміздің дыбыстық жүйесін айқын көрсететін нұсқа деп санайды.

Жетілдірілген әліпби жобасы

№	Латын	Кирилл	Әріптің аты	№	Латын	Кирилл	Әріптің аты
1	A a	А а	а	17	D ɗ	Ң ң	ңы
2	Ä ä	Ә ә	ә	18	O o	О о	о
3	B b	Б б	бы	19	Ö ö	Ө ө	ө
4	D d	Д д	ды	20	P p	П п	ты
5	E e	Е е	е	21	Q q	Қ қ	қы
6	F f	Ф ф	фы	22	R r	Р р	ыр
7	G g	Г г	гі	23	S s	С с	сы
8	Ğ ğ	Ғ ғ	ғы	24	Ş ş	Ш ш	шы
9	H h	Х х (Һ һ)	хы	25	T t	Т т	ты
10	I i	Й й (И и)	йі	26	U u	У у	уу
11	İ i	І і	і	27	Ü ü	Ү ү	ү
12	J j	Ж ж	жы	28	Ū ū	Ұ ұ	ұ
13	K k	К к	кі	29	V v	В в	вы
14	L l	Л л	ыл	30	Y y	Ы ы	ы
15	M m	М м	мы	31	Z z	З з	зы
16	N n	Н н	ны				



ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР-БОЛАШАҚҚА ЖОЛ БАСТАР

Дарынды оқушымыз Елбасы медалінің иегері



Саятқызы Диана



Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен құрылған “Елбасы Медалі” жобасы - ойы озық, іргесі берік, білім нәрімен сусындаған, бәсекеге қабілетті, тас шайнап құм түкіретін, темір үзетін, елдің барлық өңіріндегі өз білімі мен дарынына сенетін жастардың басын қосып, білім мен шығармашылық бәсекесі қайнаған атына заты сай жаңа жоба. Осы жоба арқылы Қазақстанымыздың жас, өскелең ұрпақтары өзін-өзі бірнеше бағытта дамыта алады. Соның ішінде оқушыларымыз кітап оқып, спортпен айналысып, өз таланты мен дағдыларын дамытып, ұлттық мұралармен танысып, еріктілік ісімен айналысады. “Болашақ-жастардың қолында”, - деп Н.Ә.Назарбаев айтып өткендей “Елбасы Медалі” жобасы- саналы жастарымызды қолдауға бағытталған және де жастарымызға берілген үлкен мүмкіндік. Бұл жобада әрбір қатысушы бәсекеге қабілетті болып, өз мақсаттарына жүйелі түрде қадам жасайтыны сөзсіз. Бұл сөздерімізге гимназияның 10-сынып оқушысы Саятқызы Дианың қола медаліне қол жеткізгені дәлел. Гимназия мақтанышы, «Жыл оқушысы-2018» қалалық сайысының Бас жүлде иегері Елбасы медаліне қол жеткізу үшін жобаның бірнеше кезеңінен өтіп, баршамызды қуантты, дарындылығының бір қырын айқындай білді.

Біз сені мақтан тұтамыз, Диана! Өрлей бер,талма!




Облыстық олимпиада жүлдегерлері

Желтоқсан айында ағылшын тілі пәнінен 5-6 сынып оқушылары арасында облыстық олимпиада өтті. Гимназияның дарынды оқушылары сол олимпиадаға қатысып, бақтарын сынап, білім дәрежесін айқындады. Нәтижесінде 5-сынып оқушысы Болатбек Ұлдана III орынды иеленді. Ағылшын тілін жетік менгерген, эссе байқауынан сәтті өткен оқушымыз Ұлданы және пән мұғалімі Құндызай Кабденовна Жакупованы құттықтаймыз!



Облыстық «CLEVER-2020» олимпиадасының жеңімпаздары
Гимназияның зияткерлік әлеуетінің құрамына енген дарынды 4-сынып оқушысы Амангелді Еркеназ орыс тілінен 2-орын, 5-сынып оқушысы Мұхамбет Әлішер-1-орын, 6-сынып оқушысы Торежоқина Жамиля-1-орын, математикадан 6-сынып оқушысы Еңбаев Жанәділ 2-орынды облыстық «CLEVER-2020» олимпиадасында иеленді.

Дарынды оқушыларымызды құттықтай отырып, биік шыңдарды бағындыра беруін тілейміз! Олимпиадаға жетекшілік еткен пән мұғалімдері: Бағдат Ибрахимовна, Назым Шоктаева, Айымкүл Даулеталиевна.



Назар аударыңыз!

ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НОМЕРЛЕРІ			
Бірінші көзекші- диспетчерлік қызметі	Полция	Терроризмге қарсы «Қауырт желі»	Жедел медицина- лық жәрдем
112	102	110	103



Ауа райының қолайсыздығына байланысты жаңалықты “Telegram—KarGoo”, “KarGoo” сайтынан мәтіндік хабарламасы арқылы қадағалай аласыздар



Коронавирус пандемиясынан сақтану амалдары

Меншік иесі:
№92
ГИМНАЗИЯ»КММ
Бас директоры
Қ.Т.Сейтимбетова

Бас
директордың
шығармашылы
қ жөніндегі
орынбасары
Ш.Ө.Алиева

Бас редактор
Ф.Д.Абдугалиева
Тілшілер
Ж.С.Тлеубергенова

Көркемдеуші-
дизайнер
Б.К.Абылкаиров
Жауапты хатшы
Әбенев Бекнияз

Корректорлар
«Kitaptime»
мүшелері:
9 «Ә» сынып

Мекен - жайымыз
Ерубеева 43А
e-mail: sch92@kargoo.kz
Байланыс телефондары:
8(72-12)47-92-39